

**Ж.А.Тәшенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі**

**Сыныптан тыс**

**Тақырыбы: Жазушы, драматург Д.Исабековтың 80 жылдық мерейтойына арналған саяхат сабак**

**Сыныбы: 8 «Б»**

**Пән мұғалімі: П.Жунисова**

Сабактың тақырыбы: Жазушы драматург Д.Исабековтың 80 жылдық мерейтойына арналған саяхат сабак

Сабактың мақсаты: Мақсаты: Жазушы Д.Исабековтың өмірі мен шығармаларымен таныстыру, өскелен үрпақтың бойына кітап окуға деген қызығушылығын арттыру, жазушының шығармаларын ұлықтау.

Сабактың барысы:

Үш кезеңнен тұрады.

1. Тыңдалым Жазушының өмірі мен шығармашылығы. Басқараева Алуда.
2. Кітапхана қорымен танысу.
3. Жазушының «Әпке» пьесасынан қойылым

### 1.Басқараева Алуда

Дулат Исабеков 1942 жылдың желтоқсаның 20-сы күні Арыс ауданының "Ленин жолы" ауылында тулғаның. Шыққан руы қоңырат .

Мектепті бітірген соң Ташкенттегі институтқа екі рет тапсырып, түсे алмаған.

1966 ж. - Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін бітірген;

1967—68 ж. - Қазақстан Республикасы Телевизия және радио хабарын тарату жөніндегі мемлекеттік комитетте аға редактор;

1968-70 ж. - Қазақ Совет энциклопедиясы бас редакциясында аға ғылыми редактор;

1971—76 ж. - "Жұлдыз" журналында бөлім менгерушісі;

1976—80 ж. - "Жалын" баспасында редакция менгерушісі;

1980-88 ж. - Қазақстан Республикасы Мәдениет министр репертуарлық-редакциялық коллегияның бас редакторы;

1988—97 - жылы Қазақ теледидарының бас редакторы, "Жазушы" баспасының директоры, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы;

1997 жылдан Қазақстан Республикасы Мәдениеттану ғылым зерттеу институтының директоры.

### Шығармашылығы

Алғашқы әңгімесі "Жолда", "Замандастар" атты жинақта 1963 жылы жарияланды. "Бекет" (1966), "Аңы бал" (1969), "Мазасыз күндер" (1970), "Қара шаңырак" (1973), "Тіршілік" (1975) повестер мен әңгімелер жинақтары, "Қарғын" (1980) романы басылды.

Тандаулы повестері "Екі жиырма" (1983) деген атпен жарық көрді. Бір-қатар шығармалары орыс тіліне аударылып, "Полынь" (1978), "Отчий дом" (1979), "Смятие" (1986), "Новоселье в старом доме" (1986) деген атпен басылды. Жекелеген туындылары венгр, неміс, поляк, чех тілдерінде жарияланды.

Исабектің "Ректордың қабылдау күндері" (1975), "Әпке" (1977), "Ертеңгі күту" (1979), "Мұрагерлер" (1982), "Алыстан келген ананас" (1984), "Кішкентай ауыл" (1986), т.б. пьесалары республика, облысы театр сахналарында қойылды. Тандаулы пьесалары "Жеті желкен" 1987 жылы жарық көрді. Жекелеген туындылары бойынша "Гауһар тас" (режиссер Ш.Бейсембаев, 1975), "Дермене" (режиссер Асанәлі Әшімов, 1986) көркем фильмдері түсірілді. "Мұрагерлер" пьесасы үшін оған Қазақстан Жазушылар одағында Мұхтар Әуезов атындағы сыйлығы берілген (1985).

Жары - Нұргайша, филолог. Балалары: Улken ұлы - Естияр, зангер. Егіз қыздары - Айман, оқытушы және Шолпан, фармацевт. Екі немересі бар.

Марапаттары

ҚЖО Мұхтар Әуезов атындағы сыйлық лауреаты

ҚР Мемлекеттік сыйлығы лауреаты

Халықаралық ПЕН клуб сыйлығы лауреаты

Платиналы "Тарлан" сыйлығы лауреаты.

2. Пән мұғалімі П.Жунисова оқушыларды кітапхана қорымен таныстырыды. Оқушылар «Әпке» пьесасынан қойылым көрсетті. Жалпы, оқушылар саяхат сабагынан алған әсерлері шексіз. Рухани байлығымыз артып, танымтағылымы молая берсін.

Дулат ағамызды әрбір қазақ мақтан тұтуға лайықты.

### 3. Жазушының «Әпке» пьесасынан қойылым

**Әпке (драма)** - екі бөлімнен тұрады. Дулат Исабеков 1977 жылы жазған. Сахналық қойылымға арналған шығарма.

#### Қысқаша мазмұны

Драма Бұл туынды драма болғандықтан кейіпкерлердің сөйлеген сөздері мен іс-қимылдары интонация мен сезімге толы болып табылады. Басты кейіпкер - Қамажай, алдынан шыққан қыншылықтарды көтере білген, бауырларына қамқор жан туралы айттылады. Драмада Қамажайдың өмірге құштар жан екенін байқаймыз. Ата-анасынан жастай айырылған ол - өз өмірін тек бауырларына арнаймын деп жеке өмірі жайлы ойлауды қояды, оны Қабен атты жігітке " Қабен ол...ол қын сияқты, бауырларымды қып тастай алмаймын, олар әлі мен үшін бала, өздігінен өмір сүретініне күмәнім бар..." деп ұсынысына кері жауап қайтарғанынан білеміз. Драмада Ремаркалар тобының аздығы (Ремарка - қысқа түсіндіру түрінде келетін автор сөзі) бірден көзге түседі. Сондықтан Шығарма шиеленісті түрде жазылған, әрі терең философиялық мағынаға ие. Көп адамның сұранысын тудыратын шығарма.

## **Басты оқиғалары**

Драма шиеленісті оқиғадан басталып одан әрі өрбиді. Алғашқы оқиға Темірбектің өзінің құрбысын, нақтырақ айтқанда болашақ жарын үйіне қонақ ретінде әкелуден басталады. сол кезде Нәзиләнің бір ауыз сөзінен үйде ұрыс шығып Гауһардың ренжіп кетуімен аяқталады. Жалпы шығармада Қамажай өте сыпайы, мейірімді адам жан-жақтан келген қыспактардан сонында ауруға шалдығады. Қабденнің Қамажайға жасаған ұсынысы тосыннан болғандықтан, ол ойланбай жауап береді. Бірақ жүргегінде өте үлкен сезімді жасыра алмайды. Кәмила өзінің баласын алдырып тастағандықан, Қамажай оны шапалақпен тартып жібереді. Оған ашуланған Темірбек үйінен кетіп қалады. Қамажайдың шарасыздығы сонша келінінен кешірім сұрауға дейін барады... Бірақ сонынан Темірбек бұл ісіне өкініп, кешірім сұрап келеді. Жалпы шығарма оқиғаға толы, қызықты болып келеді.

## **Шығарма кейіпкерлер**

- **Қамажай** - басты кейіпкер. Омардың, Темірбек пен Ермектің әпкесі. Мінезі жағынан қамқор, қарапайым, бауырмал, әрі мейірімді кейіпкер.
- **Омар** - Қамажайдың інісі. Мамандығы жағынан ғалым, философ, көбіне ғылыми тілде сөйлейді, бірақ жаны ізгі жандардың бірі, сыпайы, адамгершілігі мол, көзілдірік тағады, бойын ашуға билетпейді, көп сөйлегенді ұнатпайды, білімді, жаны ғылымды сүйеді, лақап аты - Ом.
- **Темірбек (Тимур)** - Қамажайдың інісі. КамАЗ-да бригадир болып жұмыс істейді. Тікмінезді, бұрама тілді, бірақ адал, қызу қанды, дөрекі, айналадағыларына қамқор.
- **Ермек** - Қамажайдың інісі. Өте сүйкімді кейіпкер, үйінің кенжесі болып табылады.
- **Нәзила** - Қамажайдың сіңлісі. Мұғалім болып жұмыс істейді. Мінезі - ерке, тікмінезді, тура сөзді.
- **Гауһар** - Нәзиланың құрбысы. Омарға ғашық. Ойын көтеретін ақкөніл, адамгершілігі мол жан.
- **Кәмила (Кама)** - Темірбектің сүйген қызы, кейіннен әйелі, темекі тартады, тілінің уы бар қыз. Өте өжет жан, жүрген жерінде ұрыс-керіске ұшырап жағымсыз кейіпкер ретінде көрінеді.
- **Сұлтан** - Темірбектің (Тимур) досы. Білімді, зерек, сыпайы, сөзі құлаққа жағымды.
- **Сұлухан (Светлана)** - Сұлтанның жанындағы қыз.
- **Қабен** - Қамажайды ұнататын жігіт. Өте ақылды адам. Бақытқа ұмтылған жан.
- **Көрші әйел** - Адам жанын түсіне білетін, жаны ашып көмектесуге дайын тұратын жағымды кейіпкер.

Корытынды оқушылар саяхат сабағынан алған әсерлері шексіз. Рухани байлығымыз артып, таным-тағылымы молая берсін. Дулат ағамызды әрбір қазақ мақтан тұтуға лайықты.